*Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті*

**«Оқытушы студенттер көзімен»**
**сауалнамасы қорытындысы бойыншы анықтама**

Ректордың 2026 жылғы 28 сәуірдегі №702 бұйрығына сәйкес Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті «**Оқытушы студенттер көзімен**» тақырыбында әлеуметтік сауалнама ұйымдастырды.

Сауалнаманың мақсаты – студенттердің оқытушылардың кәсіби және коммуникативтік қасиеттері туралы пікірін зерделеу және білім алушылардың оқыту сапасына қанағаттану деңгейін бағалау.

Сауалнама құралы: сауалнама парағы. Сауалнама білім алушылардың «Platonus» жеке кабинеттері арқылы жүргізілді, сауалнамадағы сұрақтар саны – 7.

Мақсатты аудитория – барлық білім беру деңгейлеріндегі білім алушылар.

Білім алушылар оқытушылардың қызметін олардың кәсіби қызметіне қойылатын негізгі талаптарды көрсететін 7 критерий бойынша бағалады:

1. *Материалды ұсынудың қол жетімділігі мен логикасы, қиын тақырыптарға түсініктеме беру, тақырыптағы ең маңызды тұстарды белгілей алу.*
2. *Жоғары эрудиция, пәнге деген қызығушылықты ояту қабілеті.*
3. *Студенттерді оқытылатын материалды болашақ кәсіби қызметте пайдалануға бағыттау.*
4. *Өз пәніне шығармашылық көзқарас пен қызығушылықтың болуы, креативті тапсырмаларды қолдану.*
5. *Интерактивті құралдарды, оқытудың инновациялық әдістерін, интернет-технологияларды пайдалану.*
6. *Жоғары мінез-құлық мәдениеті, студенттерге құрметпен қарау.*
7. *Студенттердің білімін бағалаудағы объективтілік, ашықтық қағидаттарын сақтау.*

Әрбір аталған көрсеткішті білім алушыларға 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда 5-өте жақсы, 4-жақсы, 3-қанағаттанарлық, 2-жалпы қанағаттандырмайды, 1-толығымен қанағаттандырмайды.

Сауалнамаға 7516 адам қатысты, бұл білім алушылардың жалпы контингентінің **56%** құрайды. Студенттер ағымдағы оқу жылының 2-семестрінде олардың топтарында аудиториялық сабақтар өткізген 871 оқытушының қызметін бағалады.

59 оқытушы бойынша жарамсыз нәтижелер алынды, себебі оларды бағалаған респонденттер саны 5 адамнан аз болды. Анықтамада білім алушылардың 812 оқытушыны бағалау нәтижелері талданды (1-кесте).

*1 кесте.*

**Сауалнама қорытындысы бойынша бағаланған оқытушылар саны**

| № | Факультет | Оқытушылар саны |
|---|---|---|
| 1 | Биология-география | 58 |
| 2 | Шет тілдер | 108 |
| 3 | Тарих | 48 |
| 4 | Математика және АТ | 87 |
| 5 | Педагогика | 86 |
| 6 | Физика-техника | 52 |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Дене мәдениеті және спорт | 39 |
| 8 | Филология | 82 |
| 9 | Философия және психология | 68 |
| 10 | Химия | 60 |
| 11 | Экономика | 73 |
| 12 | Заң | 52 |
| | **ЖОО бойынша** | **812** |

Сауалнама нәтижелері бойынша университет бойынша оқытушылардың жұмысына қанағаттанудың орташа бағасы 4,6 балды немесе 92%-ды құрады, бұл жоғары көрсеткіш болып табылады (2-кесте).

*2 кесте.*

**Көрсеткіштер бойынша ПОҚ қызметін бағалаудың орташа көрсеткіштері**

| № | Факультет | Критерий №1 | Критерий №2 | Критерий №3 | Критерий №4 | Критерий №5 | Критерий №6 | Критерий №7 | Жалпы баға |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Биология-география | 4,7 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,7 | **4,6** |
| 2. | Шет тілдер | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,5 | 4,5 | 4,6 | 4,6 | **4,6** |
| 3. | Тарих | 4,7 | 4,8 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | **4,7** |
| 4. | Математика және АТ | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | **4,6** |
| 5. | Педагогика | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | **4,6** |
| 6. | Физика-техника | 4,6 | 4,6 | 4,7 | 4,6 | 4,6 | 4,7 | 4,6 | **4,6** |
| 7. | Дене мәдениеті және спорт | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | **4,6** |
| 8. | Филология | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | **4,7** |
| 9. | Философия және психология | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | **4,6** |
| 10. | Химия | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,7 | 4,6 | **4,6** |
| 11. | Экономика | 4,7 | 4,7 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,7 | 4,7 | **4,7** |
| 12. | Заң | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,6 | 4,7 | 4,7 | **4,7** |
| | **ЖОО бойынша** | **4,6** | **4,6** | **4,6** | **4,6** | **4,6** | **4,7** | **4,6** | **4,6** |

Кесте деректерінен оқытушылар қызметінің әрбір критерий және факультеттер бөлінісіндегі жалпы бағасы 4,6-дан 4,7 балға дейін өзгеретіні көрінеді.

Сауалнама нәтижелері бойынша барлық оқытушылар 3 топқа бөлінеді:

1 топ – 4,5-тен 5 балға дейін,

2 топ – 3,8 -ден 4,4 балға дейін,

3 топ – 3,7 бал және одан төмен.

3 кестеде алынған нәтижеге байланысты факультетердің ПОҚ топтар бойынша бөлінуі көрсетілген.

*3 кесте.*

**Қызметін бағалау нәтижелері бойынша факультеттердің ПОҚ**

| № | Факультет | 1 топ/ 4,5-5,0 | 2 топ/ 3,8-4,4 | 3 топ/ 3,7 и ниже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тарих | 98% | 2% | - |
| 2 | Дене мәдениеті және спорт | 95% | 5% | - |
| 3 | Филология | 94% | 6% | - |
| 4 | Физика-техника | 92% | 8% | - |
| 5 | Экономика | 90% | 10% | - |
| 6 | Биология-география | 88% | 11% | 2% |
| 7 | Химия | 88% | 10% | 2% |
| 8 | Заң | 88% | 10% | - |
| 9 | Философия және психология | 87% | 13% | - |
| 10 | Математика және АТ | 83% | 17% | - |
| 11 | Шет тілдер | 81% | 19% | 1% |
| 12 | Педагогика | 79% | 21% | - |
| | **ЖОО бойынша** | **87% 710 адам** | **12%/ 96 адам** | **1%/ 6 адам** |

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың оқытушылар жұмысына қанағаттану деңгейінің жоғары екенін көрсетеді: университет оқытушыларының 87%-ының қызметін студенттер «өте жақсы» деп бағалаған (1-топ), ал оқытушылардың 12%-ын студенттер «жақсы» деп бағалаған (2-топ). Осыдан университет білім алушыларының оқытушылардың 99%-ының академиялық деңгейіне қанағаттанатынын көруге болады, бұл өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Деректерді динамикада талдау соңғы үш жыл ішінде аталған оң үрдістің тұрақты сақталып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, соңғы үш жыл бойы ең жоғары нәтижелерді тарих факультеті көрсетіп келеді, ол студенттердің бағалауы және оқыту сапасына қанағаттану деңгейі бойынша тұрақты түрде көшбасшы орындарды иеленуде.

Барлық респонденттер 7 критерийдің әрқайсысы бойынша «өте жақсы» деген баға берген №1 топтағы оқытушыларды ерекше атап өткен жөн. Олардың саны – 18 оқытушы, университеттің 8 факультетінен: тарих факультеті (1), математика және АТ (3), педагогика факультет (2), физика-техника факультет (2), философия және психология (1), химия факультеті (1), экономика факультеті (4) және заң факультеті (4) (4-кесте).

*4 кесте.*

| № | Оқытушының аты-жөні | Кафедра | Лауазымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Жауымбай Сағындық Убай-Ұлы | Археология, этнология және Отан тарихы | Қауымдастырылған профессор |
| 2. | Орумбаева Нургул Тумарбековна | Математикалық талдау и дифференциальных теңдеулер | Профессор |
| 3. | Муратхан Райхан | Қолданбалы математика және инфороматика | Қауымдастырылған профессор |
| 4. | Казимова Динара Ашубасаровна | Қолданбалы математика және инфороматика | Профессор |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. | Калмаханов Мадихан Сейтмаханович | Бейнелеу өнері және дизайн | Аға оқытушы |
| 6. | Бельгибаева Гульбаршын Капановна | Мектепке дейінгі психологиялық-педагогикалық даярлық | Қауымдастырылған профессор |
| 7. | Карабекова Дана Жилкибаевна | Профессор Ж.С.Акылбаев атындағы инженерлік жылу физикасы | Профессор |
| 8. | Ибраев Ниязбек Хамзаұлы | Физика және нанотехнологиялар | Профессор-зерттеуші |
| 9. | Гаркуша Кира Георгиевна | Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика | Қауымдастырылған профессор |
| 10. | Масалимов Абай Сабиржанович | Физикалық және аналитикалық химия | Еңбек сіңірген профессор |
| 11. | Воробьева Светлана Михайловна | Қаржы | Қауымдастырылған профессор |
| 12. | Хананова Роза Асгадовна | Қаржы | Оқытушы |
| 13. | Бердиходжаева Мейрамгуль Сайлауовна | Бухгалтерлік есеп және аудит | Аға оқытушы |
| 14. | Омарова Айнура Тояковна | Менеджмент | Профессор |
| 15. | Карибаева Асель Ергалиевна | Азаматтық және еңбек құқығы | Профессор ассистенты |
| 16. | Серикбаев Абзал Мухаметжанович | Қылмыстық құқық, іс жүргізу және криминалистика | Профессор |
| 17. | Шакенов Ардак Ордашевич | Қылмыстық құқық, іс жүргізу және криминалистика | Профессор |
| 18. | Ахметова Найля Сейсембековна | Мемлекеттік және құқық теориясы мен тарихы | Профессор |

Жалпы университет бойынша оң бағалардың орташа үлесі 91%-ды құрайды (2024–2025 оқу жылындағы сауалнама қорытындысы бойынша – 93%), қанағаттанарлық бағалардың үлесі – 5%, теріс бағалардың үлесі – 3%.

Бес факультетте оң бағалардың үлесі университет бойынша орташа көрсеткіштен жоғары: тарих, дене шынықтыру және спорт, физика-техникалық, педагогикалық және заң факультеттері.

Барлық білім алушылар қойған балдардың арақатынасы 2-суретте көрсетілген:




*2 сурет. Сауалнама қорытындысы бойынша ПОҚ қойған бағалардың бөлінуі*